

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 22-07-7.13 хаттамасының 2.13-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспарды орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі жартыжылдықта бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10-ы күніне дейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 31 тамыздағы
№ 748 қаулысымен
бекітілген

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар

Ескерту. Кешенді жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.05.2025 № 392 қаулысымен.

Кіріспе

Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстандық балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады. Қазақстан Республикасында балалар саны 6,7 млн адам, оның ішінде оқушылар – 3,7 млн-нан астам, мектеп жасына дейінгі балалар – 2,5 млн-нан астам, колледж студенттері – 400 мыңнан астам.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан 15 халықаралық құжатты ратификациялады, оның ең алғашқысы Бала құқықтары туралы конвенция болды. Оның барлық баптары бүгінгі таңда елдің заңнамалық актілеріне имплементацияланды. Балалардың құқықтарын реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық акт қабылданды.

Бұдан басқа, 2022 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірлеуді және қабылдауды тапсырды.

Кешенді жоспар 3 бөлімнен және 2 кіші бөлімнен тұрады:

1. "Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру".

2. "Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету".

3. "Қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру".

Осы Кешенді жоспарда көзделген түрлі шараларды іске асыруға 14 орталық мемлекеттік орган және 20 жергілікті атқарушы орган қатысады.

Оқу-ағарту министрлігі үйлестіру жұмысын жүзеге асырады әрі республикалық және өңірлік құқық қорғау институттарының қызметіне арналған қағидаттар мен тәсілдерді белгілейді.

Келесі басым бағыттар бойынша барлық мүдделі тараптар қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру қажеттілігі маңызды аспект болып табылады.

Бірінші. Балалардың зорлық-зомбылықтан және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, агрессия және қатыгездік бүгінде бала өмірінің көптеген салаларында кеңінен көрініс табуда. Зорлық-зомбылықтың салдары құқыққа қарсы әрекеттер жасауға және соңғы жылдары пайыздық көрсеткіші артып келе жатқан қылмыстарға алып келеді. Жасөспірімдер ортасындағы криминогендік жағдай күрделене түсті (2021 ж. – 1529, 2022 ж. – 1735, 2023 ж. 6 айы – 844), кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар санының айтарлықтай өсуіне (13,4 %) жол берілді.

Сан жағынан төмендеуіне қарамастан, балаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар санының көрсеткіші де тұрақты түрде жоғары болып қалуда (2021 ж. – 2088, 2022 ж. – 2005, 2023 ж. 6 айы – 1261).

Бұдан басқа, 2022 жылы кәмелетке толмаған 719 адам олардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың құрбаны болды (2020 ж. – 833, 2021 ж. – 920).

Бұл ретте бүгінгі таңда балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласында шешуді талап ететін мынадай жүйелі проблемалар байқалады:

қолайсыз отбасылармен жұмыстың жеткіліксіздігі;

көптеген білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтің болмауына байланысты оның жұмысы әлсіретіп алынды;

медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізудің құқықтық талаптары жоқ;

балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына мемлекеттік органдардың ден қою алгоритмі және әлеуетті зорлықшылардың мінез-құлқын түзету жөніндегі шаралар кешені жоқ;

орталық мемлекеттік органдарда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының бірыңғай есебін жүргізу жүйесі енгізілмеген;

мектептердің әлеуметтік педагогтары мен педагог-психологтары мектептердегі балалар санын есепке алмай бөлінеді, аталған мамандар жүктемесінің шамадан тыс болуы оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне және білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың саламаттылық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді;

білім беру ұйымдарында жәбірлеудің профилактикасы кешенді бағдарламалары жоқ.

Екінші. Қазіргі қазақстандық қоғамның аса өткір проблемаларының бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық пен суицид проблемасы. Республикадағы балалар ортасында бұл құбылыстың жиілігі тұрақты түрде жоғары: 2020 жылы – 144 факт (әрекет жасау – 307), 2021 жылы – 175 факт (әрекет жасау – 373), 2022 жылы – 155 факт (әрекет жасау – 309), 2023 жылдың 6 айы – 95 факт (әрекет жасау – 207).

Елде суицид жасауға бейім балаларды, олардың психоэмоционалды жағдайын ерте анықтау және олармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі проблемасы өткір тұр.

Үшінші. Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде балалардың саламаттылығы мәселесі маңызды рөл атқарады. Оқытудың тәрбиелік компонентін күшейтудің, балалардың саламаттылығын кешенді қамтамасыз етудің маңызды шешімі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүргізу бойынша ұсынымдар қабылдау болады.

Сонымен қатар балаларға қатысты зорлық-зомбылық, суицид деңгейін төмендету және балалардың саламаттылығын қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін ата-ана болу мәселесі жеке қарауды талап етеді. Жүргізілген көп аспектілі талдау ата-аналарға өздерінің ата-ана міндеттерін жүзеге асыруда қолдау көрсетудің өзектілігін көрсетеді.

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушыла р	Қаржыландыр у көлемі (млн теңге)	Қаржыландыр у көздері
----------	-------	------------------	--------------------	-----------------------------	---	-----------------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер: 1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 1648 факт, 2024 жылы – 1565 факт, 2025 жылы – 1486 факт); 2) кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 1904 факт, 2024 жылы – 1808 факт, 2025 жылы – 1717 факт); 3) суицид пен оған әрекет жасау санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 147 факт, 2024 жылы – 139 факт, 2025 жылы – 130 факт, әрекет жасау: 2023 жылы – 293 факт, 2024 жылы – 278 факт, 2025 жылы – 264 факт); 4) педагог-психологтар санын ұлғайту (2025 жылы – қосымша 1000 бірлік); 5) әлеуметтік педагогтер санын ұлғайту (2025 жылы – қосымша 2000 бірлік); 6) балалардың құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін, біліктілікті арттырумен қамтылған педагогтердің үлесін жыл сайын 33,3 %-ға ұлғайту (педагог-психологтар (8,5 мың), әлеуметтік педагогтер (4,5 мың), директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, тәлімгерлер, сынып жетекшілері); 7) балалардың құқықтық қорғалу деңгейін (жыл сайын әлеуметтанушылық зерттеу) 3 %-ға арттыру (2023 жылы – 90 %, 2024 жылы – 93 %, 2025 жылы – 96 %); 8) балалардың бос уақытын қамтуды 100 %-ға дейін ұлғайту; 9) оқушыларды құқықтық іс-шаралармен 100 % қамту ("Жеке қауіпсіздік" сабақтары). 1. Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру 1.1. Қысқа мерзімді шаралар						
1.	"Ұлттық білім беру дерек қоры" ақпараттық жүйесі шеңберінде балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың амандығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өңірлер бөлінісінде интерактивті тәуекелдер картасын әзірлеу	интерактивті карта	2023 жылғы қараша	ОМ, ҚСЖАК (келісу бойынша), Еңбекмині, ДСМ	талап етілмейді	-
	"Дағдарысты басқару" әдісі бойынша шұғыл көмек көрсету үшін интерактивті	ОМ-ге				

2.	карта негізінде өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту	акпарат	2023 жылғы желтоқсан	ЖАО	талап етілмейді	-
3.	Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру	жыл сайын білім беру ұйымдарының кемінде 12000 жұмыскері	жыл сайын желтоқсан	ОМ, ЖАО	2023 жылы – 902 млн теңге; 2024 жылы – 961 млн теңге; 2025 жылы – 992 млн теңге	РБ
4.	Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін әзірлеу және бекіту	бірлескен бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ДСМ, Еңбекмині, ИМ, АҚДМ	талап етілмейді	-
5.	Мектепшілік есепке алуды жүргізу аясында кейс-менеджмент тетігін (жағдайды анықтаудан бастап проблеманы	бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	ОМ	талап етілмейді	-

	толық шешуге дейін) енгізу					
6.	Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен жәбірлеуге қарсы ұлттық ақпараттық науқан жүргізу	ақпараттық науқан	жыл сайын желтоқсан	ОМ, МАМ, ЖАО	талап етілмейді	-
7.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды азайтуға және балаларда психо-эмоционалдық орнықтылықты қалыптастыруға бағытталған бірыңғай тәрбие жұмысы бағдарламасын әзірлеу және бекіту	тәрбие жұмысы бағдарламасы	2023 жылғы қыркүйек	ОМ, АҚДМ, МСМ, ПМ, Қорғанысмині, БП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
8.	Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту (финдік KiVa бағдарламасының тәжірибесі бойынша)	балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі бағдарлама	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ЖАО	талап етілмейді	РБ (көзделген бюджет қаражаты шегінде)
	Қауіп төніп тұрғаны туралы сигнал беретін, балаларға					

9.	арналған тану ым-ишаралар ының, белгілерінің, сөздерінің бірыңғай тізбелерін әзірлеу және бекіту, оларды қоғам назарына жеткізу	бірыңғай тізбе	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, АҚДМ	т а л а п етілмейді	-
10.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ведомствоара л ы қ , біріздендіріл е н жадынамалар, ескертпелер, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	жадынамалар, әдістемелік ұсынымдар	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ІІМ, ДСМ, ТЖМ, ЖАО	т а л а п етілмейді	-
11.	Балалық шақтың маңызды аспектілері бойынша кұлақтандыру ға арналған бірыңғай ата-аналар чатын – ақпараттық арнасын құру	мессенджерде гі ата-аналар чаты (арнасы)	2023 жылғы желтоқсан	ОМ	т а л а п етілмейді	-
12.	Кәмелетке толмағандард ың жыныстық тиіспеушілігі не қарсы қылмыстарды тергеу бойынша ІІМ же дел бөлімшелеріні ң тергеушілерін е арналған біліктілікті	жыл сайын тергеушілерді ң жалпы санының кемінде 5 %-ы	жыл сайын желтоқсан	ІІМ, ЖАО	-	РБ (көзделген бюджет

	арттыру курстарын өткізу					қаражаты шегінде)
1.2. Орта мерзімді шаралар						
13.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне: білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары жұмыскерлерінің кәметке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған құқыққа қарсы әрекеттер туралы хабарламаған үшін жауаптылығын қатаңдату; Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-1-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау бөлігінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттіктерін кеңейту; білім беру ұйымдарында	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы желтоқсан	ОМ, ІМ, БП (келісу бойынша), СӘ (келісу бойынша), Еңбекмині, ДСМ	талап етілмейді	-

	өткізу режимін енгізу; "мектепішілік есепке алу" ұғымын бекіту бөлігінде өзгерістер м е н толықтырулар енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу.					
14.	Мемлекеттік білім беру ұйымдары жұмыскерлері нің үлгі штаттарына: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім б е р у ұйымдарында әлеуметтік педагог лауазымын міндетті түрде енгізу; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім б е р у ұйымдарында 40 және одан да көп сынып-жинақ тауыштарға арналған педагог-психо логтардың	бұйрық	2025 жылғы қаңтар	ОМ, ЖАО	-	ЖБ (көзделген бюджет
			2025 жылғы қыркүйек			

	штат санын ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізу.					қаражаты шегінде)
15.	"Кәмелетке толмағандард ың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 1 маусымдағы № 789 қаулыс ы н а : медициналық- әлеуметтік есепке алуды жүргізу тетігін бекіту; облыстық, қалалық және аудандық деңгейлердің өкілеттіктерін бөлу; жағдайды басқару (кейс-менеджм ент) моделін енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2024 жылғы мамыр 2024 жылғы желтоқсан	О М , Еңбекмині, АҚДМ, ДСМ, ІІМ, ЖАО	т а л а п етілмейді	-
16.	Балаларға қатысты зорлық-зомбы лықтың барлық нысандарыны ң бірыңғай есебін енгізу	бұйрық	2024 жылғы желтоқсан	ҚСЖАК келісу бойынша)	(т а л а п етілмейді	-
	Білім беру ұйымдарында					

17.	балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы мәліметтерді жинау әдіснамасын әзірлеу	бұйрық	2024 жылғы қыркүйек	ОМ	талап етілмейді	-
18.	"Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 175790 болып тіркелген) мектептің профилактика кеңесінің баланы жәбірлеу (буллинг) фактілерін қарауы бөлігінде өзгерістер енгізу	бұйрық	2024 жылғы қаңтар	ОМ	талап етілмейді	-
19.	Қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қызметтердің кешенді сүйемелдеуін	Қазақстан Республикасы	2024 жылғы наурыз – әзірлеу; 2024 жылғы сәуір – желтоқсан – сынақтан өткізу; 2025 жылғы	О М , Еңбекмині,	-	ЖБ (көзделген бюджет

	е бағытталған "Әлеуметтік патронат" жобасын әзірлеу және іске асыру	н ы ң Үкіметіне ақпарат	қаңтар – сынақтан өткізу қорытындысын қарау; 2025 жылғы ақпан – ендіру	АҚДМ, ДСМ, ИМ, ЖАО,		қаражаты шегінде)
20.	Мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің білім беру процесіне "Жеке қауіпсіздік" тақырыбында сабақтар әзірлеу және енгізу	бұйрық	2024 жылғы қыркүйек	ОМ, ЖАО	талап етілмейді	-
21.	Жол жүру билеті жоқ балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салуды құқықтық реттеу	ОМ-ге ақпарат	2024 жылғы маусым	ИИДМ, ОМ, ҰЭМ, Астана қаласының әкімдігі	талап етілмейді	-
22.	Күрделі жағдайларды қарау және шешу бойынша өңірлік психологиялық-педагогикалық консилиумдар құру	ОМ-ге ақпарат	2024 жылғы қаңтар	ЖАО	талап етілмейді	-
	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың		жыл сайын қаңтар,			

23.	алдын алу бойынша бірыңғай сабақтарды тоқсан сайын жасау және өткізу	ОМ - ге акпарат	наурыз, мамыр, қыркүйек	ЖАО, ОМ	талап етілмейді	-
23-1.	Ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері бас тартқан кезде суицидтік қауіп болған жағдайда балаға қамқоршылық және қорғаншылық қызметтерін жүзеге асырушы органдардың шешімімен психологиялық көмек көрсету мүмкіндігін заңнамамен бекіту жөніндегі норманы заңнамалық бекіту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2025 жылғы желтоқсан	ОМ, ДСМ	талап етілмейді	-
2. Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету						
2.1. Қысқа мерзімді шаралар						
24.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында суицидтің профилактикасы жөніндегі бағдарламалар мен жобаларға талдау жүргізу	талдау жүргізу және ұсынымдар пакеті	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ДСМ, ЖАО	4, 442 млн теңге	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке					

25.	толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмін әзірлеу және бекіту	бірлескен бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	ДСМ, ОМ	талап етілмейді	-
26.	Суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмін әзірлеу және бекіту	бірлескен бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	ДСМ, ОМ	талап етілмейді	-
27.	Суицидке әрекет жасаған білім алушылардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	әдістемелік ұсынымдар	2023 жылғы желтоқсан	ОМ	талап етілмейді	-
28.	Өз-өзіне қол жұмсау құралдарына қол жеткізуді шектеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу шатырға шығуды бақылау, қошталмайтын контентті бұғаттау, дәрілік	(ОМ-ге ақпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	ЖАО, ИМ, ӨҚМ, ТЖМ, ДСМ, МАМ	талап етілмейді	-

	препараттарды жауапты қолдану)					
29.	Аутодеструктивті мінез-құлығы бар балаларымен жұмыс істеуге арналған құралдарды енгізу бөлігінде психологтың онлайн-кабинетін жаңғырту	педагог-психологтың онлайн-кабинетінде жұмыс істеудің жаңа құралдары	2023 жылғы желтоқсан	ОМ	-	РБ (көзделген бюджет қаражаты шегінде)
29-1.	Суицидтік мінез-құлқы бар балаларды медициналық ұйымдарға есепке қою бойынша педагогтер мен ата-аналар арасында кең ауқымды акпараттық-түсіндіру науқанын өткізу	ОМ - ге акпарат	2025 жылғы желтоқсан	ОМ, ДСМ, ЖАО	талап етілмейді	-
29-2.	Ұлттық фильмдердің басым тақырыптарының тізбесіне "Балалардың қауіпсіздігі" (қамқор ата-ана, бақытты балалық шақ, қателік құқығы) тақырыбын енгізу	фильм	2025 жылғы желтоқсан	МAM	-	РБ (бюджет қаражаты шегінде)
	Кәмелетке толмағандардың денсаулығы мен дамуына					

29-3.	з и я н келтіретін ақпаратты қарайтын кәметке толмағандард ы ң аккаунттарын анықтайтын цифрлық талдамалық бағдарламала рды жасау және енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2025 жылғы желтоқсан	ОМ	т а л а п етілмейді	-
2.2. Орта мерзімді шаралар						
30.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім б е р у ұйымдарында педагог-психо логтарды, психологтард ы, әлеуметтік педагогтерді даярлау мазмұнының бағдарламасы н қайта қарау	педагог-психо логтарды, психологтард ы, әлеуметтік педагогтерді даярлаудың ж а ң а бағдарламасы	2024 жылғы тамыз	ҒЖБМ	т а л а п етілмейді	-
31.	Қазақстан Республикасы ның білім б е р у жүйесінде психологиялы қ-педагогикал ық қызметті дамыту моделін қабылдау	бұйрық	2024 жылғы шілде	ОМ	т а л а п етілмейді	-
	" Жасөспірімде р д і ң өркендеуіне жәрдемдесу және білім б е р у мекемелерінің	бейімделген материалдар,				

32.	педагог-психологтарын оқыту" халықаралық бағдарлама материалдарын ың жиынтығын Қазақстан Республикасы үшін бейімдеу	курстардан өткен кемінде 8 0 0 0 педагог-психолог	2024 жылғы наурыз	ОМ	8, 885 млн теңге	бюджеттен тыс қаражат есебінен
33.	40 сағаттық апталық жүктеме шеңберінде педагог-психологтың сыныппен жұмыс істеу сағаттарын енгізу бөлігінде білім беру ұйымдарының үлгі бағдарламаларына өзгерістер енгізу	бұйрық	2024 жылғы маусым	ЖАО, ОМ,	талап етілмейді	-
34.	Облыстық және (немесе) аудандық психологиялық қызмет орталықтарын құру	жыл сайын 5 жаңа орталық құру	2025 жылғы наурыз	ЖАО, ОМ	2023 жылы – 1 343,8 млн теңге; 2024 жылы – 1 193,84 млн теңге; 2025 жылы – 1 437,64 млн теңге	ЖБ
35.	Жоғары және жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында практикалық психология бірлестіктерін (зертханаларын) құру	әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалада кемінде 1 бірлестік (зертхана) ашу	2024 жылғы қараша	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
	Білім беру ұйымдарының					

36.	педагог-психологтарына, психологтарына, әлеуметтік педагогтеріне супервизия ұйымдастыру және өткізу	ОМ - ге ақпарат	жыл сайын желтоқсан	ЖАО	талап етілмейді	-
37.	Кәмелетке толмағандар арасындағы суицид фактілерін зерделеу және жіктеу бойынша өңірлік ведомствоаралық топтар құру	ОМ - ге ақпарат	2024 жылғы сәуір	ЖАО	талап етілмейді	-
37-1.	Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелері бойынша нақты кейстер негізінде жасөспірімдер суицидінің себептерін анықтауға бағытталған кешенді ғылыми зерттеу жүргізу	зерттеу нәтижелері бойынша ОМ - ге ақпарат	2025 жылғы желтоқсан	ҒЖБМ, ДСМ, ОМ	-	Р Б бюджеттік қаражат шегінде)
	Профилактикалық тексеру (скрининг) барысында жасөспірімдердің аутодеструктивті бағытталған тұлғалық қасиеттерін ерте анықтау мақсатында жоғары және жоғары оқу					

37-2.	орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламаларына жалпы практика дәрігерлерін психиатрия саласындағы мамандану мәселелері бойынша оқыту бөлігінде өзгерістер енгізу	бағдарламалар	2025 жылғы тамыз	ДСМ	талап етілмейді	-
37-3.	Профилактикалық медициналық тексерудің дәрігерге дейінгі кезеңіне психоактивті заттарды қолдануға байланысты мінез-құлықтық тәуекелдерге бағалау жүргізу, сонымен қатар арнайы кезеңде профилактикалық медициналық тексеруді жүзеге асыратын профильді мамандар құрамына нарколог пен психиатрды қосу мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2025 жылғы желтоқсан	ДСМ, ОМ	талап етілмейді	-
	Педагог-психологтарды, психологтарды, әлеуметтік					

37-4.	педагогтерді даярлайтын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына "Профайлинг", "Өлеуметтік желілердегі профайлинг", "Жалғандықты анықтау" тақырыптарының енгізу	оқыту бағдарламасы	2025 жылғы желтоқсан	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
3. Қазақстандық балалардың салматтылық деңгейін арттыру						
3.1. Қысқа мерзімді шаралар						
38.	Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі жол карталарын әзірлеу және бекіту	ОМ-ге ақпарат	2023 жылғы қараша	ЖАО	талап етілмейді	-

						бюджеттен
39.	Қазақстан Республикасы н д а GlobalKidsonline зерттеуін жүргізу (қазақстандық балалардың онлайн-ортада ғ ы тәжірибесін зерделеу)	(зерттеу нәтижелері	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ЖАО	44, 429 млн теңге	

						тыс қаражат есебінен
40.	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу	әдістемелік ұсыным	жыл сайын желтоқсан	ОМ	2023 жылы – 37,5 млн теңге; 2024 жылы – 34,1 млн теңге; 2025 жылы – 42,0 млн теңге	РБ
41.	Әрбір білім беру ұйымында ата-ана қауымдастықтарын (аналар, әкелер, әжелер, аталар клубтары) дамыту	білім беру ұйымдарында ата-ана қауымдастықтарын дамыту	жыл сайын желтоқсан	ЖАО, ОМ	талап етілмейді	-
42.	Балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	ОМ-ге акпарат	жыл сайын желтоқсан	ЖАО, МАМ, ОМ	2023 жылы – 22870, 23 млн теңге; 2024 жылы – 23214, 635 млн теңге; 2025 жылы – 23495, 218 млн теңге	ЖБ
43.	Балалар-жасөспірімдер спортының дамыту, мектептік спорт лигаларын құру және мектептік спорт клубтары арасында дене шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру	ОМ-ге акпарат	жыл сайын желтоқсан	ЖАО, ТСМ, ОМ	2023 жылы – 48878, 783 млн теңге; 2024 жылы – 48339, 729 млн теңге; 2025 жылы – 51577, 685 млн теңге	ЖБ
	Кәмелетке толмағандарды қосымша білім берумен				2023 жылы – 81599, 203 млн теңге; 2024 жылы – 92327, 978	

44.	100 % қамту бойынша шаралар қабылдау	ОМ - ге ақпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	ЖАО, ТСМ, МАМ, ОМ	млн теңге; 2025 жылы – 1001355, 68 млн теңге	ЖБ
45.	Жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін қосымша білім берудің жаңа түрлерін ашу	ОМ-ге ақпарат	жыл сайын желтоқсан	ЖАО	2023 жылы – 21 885,895 млн теңге; 2024 жылы – 42 628,6 млн теңге; 2025 ж. – 48 279,6 млн теңге	ЖБ
46.	Қазақстан Республикасындағы TikTok, Instagram, Facebook, Вконтакте, YouTube платформаларының өкілдерімен балаларға арналған қауіпсіз контентті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу	кездесулер хаттамасы	жыл сайын маусым, желтоқсан	ОМ	талап етілмейді	-
47.	"BalaQorgau" балаларға арналған бірыңғай байланыс орталығын құру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2023 жылғы қазан	ОМ	талап етілмейді	-
47-1.	Балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсету үшін психиатр-дәрігерлерді даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемін арттыру	ДСМ бұйрығы	2025 жылғы тамыз	ДСМ	-	РБ (бюджет қаражаты шегінде)

47-2.	Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге өмірдегі төзімділік, коммуникация, бейімделу, тұлғалық өсуді дағдыларын және күрделі жағдайларда қауіпсіз мінез-құлықты дамытуға бағытталған тренингтер өткізу	тренингтер, ОМ - ге акпарат	2025 жылғы желтоқсан	ЖАО	талап етілмейді	-
47-3.	"Журналистика және акпарат" кадрларын даярлау бағыты бойынша студенттерді трагедиялық оқиғаларды, резонансты қылмыстарды және суицидтерді масс-медиада этикалы түрде жариялау әдістеріне оқыту	ОМ - ге акпарат	2025 жылғы желтоқсан	ҒЖБМ, МАМ	талап етілмейді	-
3.2. Орта мерзімді шаралар						
48.	Балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында өмірге деген оң көзқарасты, табысты мінез-құлық дағдыларын, қазіргі болмысты сыни тұрғыдан бағалау	5 ролик	2024 жылғы ақпан	АҚДМ, ОМ, ДСМ, ТЖМ	-	РБ (көзделген бюджет

	кабілетін және теріс әсерге (қысымға) қарсы тұра білуін қалыптастыруға бағытталған бейнероликтер жасау					қаражаты шегінде)
49.	Балалардың қоғамдық көліктердегі, вокзалдардағы, әуежайлардағы, адамдар көп жиналатын орындардағы, фильмдердің көрсетілімі алдында кинотеатрлардағы, мектептердегі, ауруханалардағы, балабақшалардағы, колледждердегі, жоғары оқу орындарындағы, алаңдардағы және т.б. қауіпсіздігі тақырыбын жариялау	ОМ-ге ақпарат	жыл сайын желтоқсан	ЖАО, КМ, ТСМ, ОМ, ДСМ, МАМ, ЦДИАӨМ, ТЖМ, ҒЖБМ	талап етілмейді	-
50.	Балалардың Интернет желісіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-ағарту науқанын әзірлеу және енгізу	ақпараттық-ағарту науқаны	2024 жылғы желтоқсан	ОМ, АҚДМ	8, 885 млн теңге	бюджеттен тыс қаражат есебінен

51.	Балалардың құқықтарын қорғау мен саламаттылығын дамыту жөніндегі республикалық жобалардың фестивалін өткізу	республикалық фестиваль	2024 жылғы қараша	ОМ	талап етілмейді	-
52.	"Ата-ана бақылауы" бағдарламаларын қолдану бойынша кең ауқымды науқан жүргізу	ОМ-ге акпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	ЖАО	талап етілмейді	-
53.	Білім беру ұйымдарында ата-аналар арасында жалпыға бірдей ағартуды жүргізу арқылы бала – ата-ана қарым-қатынасын нығайту	ОМ-ге акпарат	жыл сайын қыркүйек, желтоқсан, наурыз, маусым	ЖАО, ОМ	талап етілмейді	-

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

ҚСЖАК – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті;

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

РБ – республикалық бюджет;

СӘ – Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

ІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

КМ – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі;

ММ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК